

1993 жылы туылған Текелі қаласы азаматтарын Ескелді аудандық қорғаныс істер бөлімінің учаскесінде тізімге алуды қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қаласы әкімінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 5 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының әділет басқармасында 2010 жылы 26 қаңтарда N 2-3-73 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысының Текелі қаласы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысының Текелі қаласы әкімінің 2010.12.20 N 7 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеті мен әскери қызметі" туралы Заңының 3-тармағының 17-бабының, 13-тармақшаның) 1-тармағының 33-бабындағы Қазақстан Республикасының "Өзін өзі басқарудың және жергілікті мемлекеттің басқару" Заңының, "Қазақстан Республикасы әскери міндет және әскерге шақырылғандардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы" N 371 2006 жылдың 05 мамырдағы қаулысын басшылыққа алып Текелі қаласының әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. 2010 жылдың қаңтар - наурыз айлары аралығында 1993 жылы туылған Текелі қаласының азаматтарын Ескелді аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне, Ескелді ауданының қорғаныс істер бөлімі арқылы **т і з і м г е** **а л ы н с ы н .**

2. Ескелді аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімі (А.У.Қанағатов) шақырылушылардың әскери тіркеуінің жағдайы туралы Текелі қаласының **ә к і м і н е** **х а б а р л а у ы** **т и і с .**

3. Текелі қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 05 қаңтардағы N 3 "2009 жылдың қаңтар - наурыз айларында 1992 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскесінде тізімге алу және жастарды жедел әскери қызметке шақыруға дайындау туралы" шешімнің, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 20 қаңтарында N 2-3-56 нөмірімен тіркелген, 2009 жылдың 23 қаңтарындағы қалалық "Текелийский рабочий" газетінің N 4 (2902) санында жарияланған шешімнің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әкімнің орынбасары Гулмира Баяхметқызы **М а у п а ш е в а ғ а** **ж ү к т е л с і н .**

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

С. Бескемпіров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК